

Депутаттыққа кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй - жайлар белгілеу туралы

Күшін жойған

Бейнеу ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 32 Қаулысы. Бейнеу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 ақпанда № 11-3-117 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 254 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 14.09.2020 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28 - бабы 4 - тармағына сай аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бейнеу аудандық мәслихатының № 1 сайлау округі бойынша депутаттығына кандидаттарға (одан әрі - кандидаттар) сайлаушылармен кездесу үшін шарттық негізде берілетін үй-жай болып Бейнеу селосындағы Абыл атындағы мәдениет үйі ғимараты (одан әрі - Ғимарат) белгіленсін.

2. Ғимараттың меншік иесіне сайлау комиссиясының жасаған кездесу кестесіне сай кандидаттар үшін бірдей және тең болатын шарттық негізде үй - жай беруді қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы

А.Ұлқбанов

Қ.Әбілшеев
дайынд.:Ү.Әмірханова
Қ.Бөлтеков
М.Нысанбаев
М.Көбеген
Қ.Жарасбаева